



**«БЕКІТЕМІН»**

**Ақжал негізгі орта мектебінің  
директорының м.а.  
Т.О.Мұханбеткәрім**

**2022 жыл**

**Ақжал негізгі орта мектебінің тәрбие бағыты бойынша  
2022 – 2023 оқу жылының  
жұмыс жоспары**

## Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі.
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

2022-2023 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізіледі. Бұл бағдарлама білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

**Тәрбиенің мақсаты:** рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

## **Тәрбиенің міндеттері:**

- 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және практикалық жетістіктер негізінде тұлғаның дамуы мен құруды қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау;
- 2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту, моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты (компьютерлік, цифрлық, математикалық, жаратылыстану, оқу сауаттылығын) дамыту үшін жағдай жасауда өзбетінше шешім қабылдау проблемалары арқылы интеллектіні байыту;
- 3) Қазақстан Республикасының Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгіштікті тәрбиелеу, мемлекеттік символдар мен ұлттық дәстүрлерге деген құрмет, кез келген конституцияға және қоғамға қарсы жағдайларда қарсылық таныту;
- 4) еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқығын және міндетін сезінуді қалыптасыту;
- 5) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қосылу; қазақ халқының және басқа да халықтардың тарихын, салт-дәстүрін зерттеу; мемлекеттік, ресми және шет тілдерін білу;
- 6) психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті және ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру, жастарды дені сау отбасын құруға даярлау, отбасы институтын нығайтуда саналы атсалысу;
- 7) әлеуметтік маңызы бар балалық, отбасылық және ата-аналық бастамаларды, балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;
- 8) тұлғаның экономикалық ойлауын дамыту және кәсіби қалыптасуға саналы қатынасын және өзін-өзі жетілдіруге; табиғатты сақтауда белсенді азаматтық жағдайды; экологиялық сауаттылықты және мәдениетті ұстану;
- 9) бала тәрбиесінде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру; сондай-ақ, денешынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;
- 10) бала тәрбиесі саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру;
- 11) балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.
- 12) Сынып жетекшілердің кәсіби шығармашылығын дамыту, бірлестік жұмысын күшейту, сынып ұжымын ұйымдастыруға әдістемелік көмек көрсету, талдау-диагностикалауға үйрету.

## **Тәрбие жұмысының басым бағыттары**

### **Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие**

Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалды қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.

Қазіргі уақытта тәрбие жұмысының негізін Елбасының адамгершілік мұрасы «Рухани жаңғыру: қоғамдық сананы жаңғырту» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалары құрайды. 2022-2023 оқу жылдарында «Туған елге тағзым» жалпыреспубликалық экспедициясы, ауыл, қала, көше мен елдің дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар тарихын зерттейтін «Тарих тағылымы», ақындар, жыраулар, күйшілер шығармалары арқылы ұлттық фольклорды зерттейтін «Ұлы Дала мұрагерлері» жобасы жалғасын табады.

Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жүргізу білім алушылардың 100 жалпыұлттық киелі жерлер туралы білімін бекіте түседі.

**Мектеп пен ата-аналар балалардың қоғамға қайшы әрекеттерден бас тарту мәдениетін тәрбиелеуі тиіс.**

### **Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие**

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы "Рухани жаңғыру" құндылықтары негіздерінің, оның ішінде "Құндылықтарға негізделген білім беру", "Қоғамға қызмет" жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру.

Адамгершілік бейне, адамгершілік сана-сезім; құндылықты сезімдер мен ізгілік қасиеттер, ар-ұят, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, жолдастық, мейірімділік, ұят, табандылық, қайырымдылық, ынтымақтастық, ұлттық келісім құндылығы, өзге халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрін және тілін құрметтеу және дәріптеу құндылығы; өмірге деген этикалық жауапкершілік көзқарас.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы шеңберінде абырой мен қадір-қасиет, Отанға мінсіз қызмет көрсету және ерлік сабақтарын өткізу рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді. Білім алушылардың әлеуметтік тәжірибесін дамыту және адамгершілікке тәрбиелеудің едәуір тиімді де мақсатқа сай құралының бірі волонтерлік болып табылады.

**2022-2023 оқу жылында кітаптың пайдасын арттыру мен кітап оқуды қолдау мақсатында («Оқуға құштар мектеп» жобасы) аясында оқушылар арасындағы кітап оқу сағаттары сақталады. Тиімді нұсқалардың бірі ретінде педагогтарға сабақтың басында әдеби кітапты күнделікті оқыту тәжірибеге айналдыру ұсынылады.**

### **Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие**

Мақсаты: Жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.

Туған жерге деген сүйіспеншілік сезімі, үлкендерді құрметтеу, табиғатқа ұқыпты қарау; ұлт, интернационализм; тарихты есте сақтау; патриоттық рух; Қазақстан ұлттары мен халықтарының гуманистік құндылықтары; ұлттық сана-сезім.

### **Төртінші бағыт – Отбасы тәрбиесі**

Мақсаты: Ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру. Толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу, туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана қасиеті; махаббат, адалдық, достық – сезімдері құндылығы.

### **Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

Мақсаты: Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.

Еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі.

### **Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Білімнің құндылығы; зияткерлік позицияның құндылығы; әр тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығы құндылығы; ақпараттық мәдениеті, кибермәдениет және кибергигиена.

### **Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие**

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру. Эстетикалық сана-сезім; эстетикалық талғам мен сезім; қазақ халқының, Қазақстандағы басқа да этностар мен этникалық топтардың ұлттық мәдениет құндылықтарын көркемдік-эстетикалық қабылдау.

### **Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру.

Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығы; кәсіби іс-әрекеттің тиімділігі үшін психологиялық тұрақтылық; салауатты өмір салты, дене тәрбиесі мен спорт, физикалық жетілдіру мәдениеті құндылығы.

## **ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

|   |
|---|
| Циклограмманы іске асыру  |
| 1.Жалпы мектептік жиындар, мектептегі кезекшілікті ұйымдастыру (мектеп жоспары бойынша апта сайын)<br>2.Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы (айына бір рет,жеке жоспар бойынша)<br>3. «Мектепке жол», «Қауіпсіз мектеп», «Қамқорлық» республикалық акцияларын жүзеге асыру (айлық кезіндегі өткізілетін іс шара) |
| 1.Сынып сағаттары(жеке жоспар бойынша)<br>2.Мектептің өзін-өзі басқару ұйымдарының отырысы (жоспар бойынша)<br>3. Сынып жетекшілерінің отырысы (жоспарға сәйкес тоқсанына бір рет)  |
| 1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»,«ТУҒАН ЖЕР»,«ЖАС ҰЛАН», «АДАЛ ҰРПАҚ», балалар мен жасөспірімдер бағдарламасын жүзеге асыру ( тәлімгердің жоғары сынып оқушылары кеңесімен, полицияның жас көмекшісі жасағымен жұмысы)<br>2. Қыздар, ұлдар клубы жұмысының бағдарламасын жүзеге асыру (жоспарға сәйкес.)                                 |
| Жалпы мектептік мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру (жеке жоспар бойынша).<br>Оқушылардың оқу құралдары мен жеке гигиенасын тексеру ( әр айдың соңында)  |
| 1.Спорттық-сауықтыру шаралары (жоспар бойынша)<br>2.Балалар шығармашылығы байқауларына қатысу (түскен хат-хабарламалар бойынша)<br>3. Мектепішілік бақылау (жоспар бойынша күнделікті)  |
| 1. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы (ай сайын)<br>2.Мектептің психологиялық, әлеуметтік қызметінің жұмысы (рейдтер жүргізу, әңгіме-сұхбат, тренингтер өткізу)<br>3.Ашық есік күндері (Ата-аналар)   |

## **Тәрбие жұмысы бойынша 2022-2023 оқу жылына арналған жоспары**

| №   | Іс-шаралар  | Орындау мерзімі | Жауаптылар                 | Шығыс       |
|---|---|-----------------|----------------------------|-------------|
| <b>I. Ұйымдастыру жұмыстары</b>   |   |                 |                            |             |
| 1.  | 2021-2022 өткен оқу жылына талдау, бекіту   | Тамыз           | ДТІЖО                      | Есеп        |
| 2.  | Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған өңірлік іс-шаралар жоспарын бекіту | Тамыз           | ДТІЖО                      | Жоспар      |
| 3.  | «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасына арналған іс-шаралар жоспарын бекіту   | Тамыз           | ДТІЖО                      | Жоспар      |
| 4.  | 2022-2023оқу жылына арналған сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспарын талдау, бекіту   | Тамыз           | ДТІЖО                      | Жоспар      |
| 5.  | 2022-2023 оқу жылына арналған құқық кеңесінің жұмыс жоспарын талдау,бекіту  | Тамыз           | ДТІЖО                      | Жоспар      |
| 6.  | 2022-2023 оқу жылына арналған мектепішілік, сыныптық ата – аналар кеңесінің жұмыс жоспарын талдау,бекіту  | Тамыз           | ДТІЖО                      | Жоспар      |
| 7.  | 2022-2023 оқу жылындағы өзін – өзі басқару ұйымдарының «Жас Ұлан» т.б. жылдық жоспарын талдау,бекіту  | Тамыз           | ДТІЖО                      | Жоспар      |
| <b>1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздерін насихаттауға арналған іс-шаралар</b> |   |                 |                            |             |
| 1.  | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау және дұрыс қолдануға жұмыстар жүргізу   | Үнемі           | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілері | Мәлімет     |
| 2.  | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерін насихаттауға арналған онкүндік өткізу <i>/арнай жоспар бойынша/.</i>                                    | 12-22.10.2022   | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілері | онлайн      |
|   | Мемлекеттік рәміздерді дәріптеуі бойынша мәлімет орналастыру.   | 01.09-05.09.22  | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілері | Қашықтықтан |
| 4   | «Елімнің Тәуелсіздігін айқындайтын рәміздер– Герб, Гимн, Елтаңба» сынып сағаттарын өткізу   | 11.09.2022      | ДТІЖО<br>Сынып жетекшісі   | онлайн      |
| 5   | Мемлекеттік рәміздерді насихаттауға арналған онкүндік өткізу  | 01.09.2022      | ДТІЖО                      | Мәлімет     |